ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «21» қыркүйек 2025 жыл
Өткізілген орны: «Еркемай» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері – 10 педагог.

Кеңес төрағасы: Амирова Гульбану Хаблакатовна
Хатшысы: Бураншиева Нурия Ажбаевна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдеп кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогикалық әдеп нормалары мен қағидаттарын сақтау туралы.
3. Ұжымдағы өзара сыйластық және кәсіби қарым-қатынас мәдениеті туралы.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Әдеп кеңесінің төрағасы Амирова Гульбану Хаблакатовна 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жоспарда педагогикалық әдепті сақтау, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру, балалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, ата-аналармен мәдени қарым-қатынас орнату және келеңсіз жағдайлардың алдын алу бағыттары қамтылғанын атап өтті.

Қаулы етілді:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарда белгіленген жұмыстар белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – педагогтің кәсіби мәдениетінің маңызды бөлігі екенін атап өтті. Педагогтің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасында әдептілік, ізеттілік, жауапкершілік және құрмет қағидаттарын басшылыққа алуы қажеттігі айтылды.

Қаулы етілді:

1. Педагогикалық әдеп нормалары мен қағидаттары барлық қызметкерлер тарапынан сақталсын.
2. Педагогтерге балалардың жеке тұлғасын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу міндеттелсін.

3. Педагогикалық әдеп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Педагог-психолог Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ұжымдағы өзара қарым-қатынастың кәсіби әдепке, сыйластыққа және түсіністікке негізделуі қажеттігін айтты. Әр қызметкердің әріптесіне құрметпен қарап, қызметтік мәселелерді сабырлы әрі мәдениетті түрде шешуі маңызды екеніне тоқталды.

Қаулы етілді:

1. Ұжымда өзара сыйластық пен жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

2. Қызметтік мәселелерді шешу барысында іскерлік қарым-қатынас және әдеп нормалары сақталсын.

3. Келіспеушілік жағдайларының алдын алу және оларды мәдениетті түрде шешу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Әдеп кеңесінің мүшелері қаралған мәселелер бойынша тиісті ұсыныстарды қолдады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту және балалардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау жұмыстары тұрақты назарда болатыны белгіленді.

Әдеп кеңесінің төрағасы: _____ Г.Х.Амирова

Хатшысы: _____ Н.А.Бураншиева

ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «18» желтоқсан 2025 жыл
Өткізілген орны: «Еркемай» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері – 10 педагог.

Кеңес төрағасы: Амирова Гульбану Хаблакатовна
Хатшысы: Бураншиева Нурия Ажбаевна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Балаға құрмет – басты құндылық» тақырыбында.
2. Балалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау.
3. Ұжымдағы психологиялық ахуал.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША
Тыңдалды:
Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна «Балаға құрмет – басты құндылық» тақырыбында баяндама жасап, мектепке дейінгі ұйымдағы әрбір баланың жеке тұлға ретінде құрметтелуі маңызды екенін атап өтті.

Педагогтердің балалармен қарым-қатынасында мейірімділік, сабырлылық, ізгілік және педагогикалық әдеп қағидаттарын басшылыққа алуы қажеттігі айтылды.

Қаулы етілді:
1. Балалармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормалары қатаң сақталсын.
2. Баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қолайлы психологиялық орта қалыптастырылсын.
3. Баланы кемсітуге, қорқытуға, намысына тиетін сөздер айтуға жол берілмесін.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША
Тыңдалды:
Педагог-психолог Едильбаева Ботагоз Аманжоловна балалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау мәселесіне тоқталды. Педагогтің әрбір баламен қарым-қатынасы оның жас және жеке ерекшеліктеріне сай құрылуы қажеттігін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Балалардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

2. Педагогтер балалардың пікірін тыңдап, олардың эмоционалдық жағдайына құрметпен қарасын.

3. Балалар арасында өзара сыйластықты қалыптастыруға бағытталған ойындар мен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Педагог-психолог Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ұжымдағы психологиялық ахуалға тоқталып, әріптестер арасында өзара түсіністік, сыйластық және қолдау мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Ұжым мүшелері арасында өзара құрмет пен әдепті қарым-қатынас сақталсын.

2. Қызметтік мәселелерді шешуде сабырлылық пен іскерлік қарым-қатынас қағидаттары басшылыққа алынсын.

3. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, ұсыныстар қабылданды. Баланың қадір-қасиетін құрметтеу, буллинг пен кемсітудің алдын алу және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау Әдеп кеңесінің тұрақты бақылауында болатыны белгіленді.

Әдеп кеңесінің төрағасы: _____ Г.Х.Амирова

Хатшысы: _____ Н.А.Бураншиева

ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «15» наурыз 2026 жыл
Өткізілген орны: «Еркемай» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері – 10 педагог.

Кеңес төрағасы: Амирова Гульбану Хаблакатовна
Хатшысы: Бураншиева Нурия Ажбаевна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қызметтік қарым-қатынас және іскерлік әдеп нормаларын сақтау.
2. Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті.
3. Адалдық пен кәсіби жауапкершілік қағидаттарын сақтау.
4. Әдеп мәселелері бойынша туындаған жағдайларды қарау және алдын алу шаралары.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдеп кеңесінің төрағасы Амирова Гульбану Хаблакатовна қызметтік қарым-қатынас мәдениеті мен іскерлік әдеп нормалары туралы түсіндіріп өтті.

Қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасында сыпайылық, әдептілік, өзара құрмет және кәсіби этиканы сақтау қажеттігі атап өтілді. Қызметтік мәселелерді жеке қарым-қатынастардан ажыратып, жұмыс тәртібінде шешудің маңыздылығы айтылды.

Қаулы етілді:

1. Қызметкерлер қызметтік қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтасын.
2. Әріптестер арасында өзара құрмет пен кәсіби мәдениет нығайтылсын.
3. Келіспеушілік туындаған жағдайда мәселе сабырлы және мәдениетті түрде шешілсін.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетіне тоқталды.

Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас өзара сенімге, құрметке және ынтымақтастыққа негізделуі қажет екені айтылды. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдап, олармен әдепті түрде жұмыс жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормалары сақталсын.
2. Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстарына мәдениетті және түсінікті түрде жауап берілсін.
3. Бала тәрбиесіне қатысты мәселелер ата-анамен өзара ынтымақтастық негізінде шешілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдеп кеңесінің мүшесі Ельжанова Умит Кайыргалиевна адалдық пен кәсіби жауапкершіліктің педагог қызметіндегі маңыздылығын атап өтті.

Әр қызметкер өзіне жүктелген міндеттерді сапалы орындауға, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға және ұйымның ішкі тәртіп талаптарын сақтауға тиіс екені айтылды.

Қаулы етілді:

1. Қызметтік міндеттерді орындауда адалдық пен жауапкершілік қағидаттары басшылыққа алынсын.
2. Қызметкерлер ұйымның ішкі тәртіп талаптарын сақтасын.
3. Кәсіби міндеттерді орындау сапасына тұрақты назар аударылсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдеп кеңесінің төрағасы Амирова Гульбану Хаблакатовна ұйымдағы әдеп мәселелеріне байланысты туындауы мүмкін жағдайлардың алдын алу қажеттігін айтты.

Қызметкерлер арасында түсініспеушілікке жол бермеу, мәселені ушықтырмай, өзара келісім арқылы шешу және қажет болған жағдайда Әдеп кеңесіне жүгіну тәртібі түсіндірілді.

Қаулы етілді:

1. Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.

2. Туындаған мәселелер белгіленген тәртіппен қаралсын.

3. Ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби әдепті сақтау тұрақты назарда болсын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, тиісті ұсыныстар қабылданды. Қызметтік қарым-қатынас мәдениетін сақтау, ата-аналармен өзара сыйластыққа негізделген байланыс орнату және кәсіби жауапкершілікті арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылатын болды.

Әдеп кеңесінің төрағасы: _____ Г.Х.Амирова

Хатшысы: _____ Н.А.Бураншиева

ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «20» мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: «Еркемай» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері – 10 педагог.

Кеңес төрағасы: Амирова Гульбану Хаблакатовна
Хатшысы: Бураншиева Нурия Ажбаевна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдеп кеңесінің 2026–2027 оқу жылындағы жұмысын қорытындылау.
2. Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы бойынша атқарылған жұмыстарды талдау.
3. Ұжымдағы өзара сыйластық пен психологиялық ахуал.
4. Келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдеп кеңесінің төрағасы Амирова Гульбану Хаблакатовна 2026–2027 оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

Оқу жылы барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балалардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, ата-аналармен мәдени қарым-қатынас орнату, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту және келеңсіз жағдайлардың алдын алу бағытында жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Әдеп кеңесінің 2026–2027 оқу жылындағы жұмысы қорытындылансын.
2. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері ескеріліп, тиімді тәжірибелер келесі оқу жылында жалғастырылсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жүргізілген түсіндіру және профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат берді.

Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасында әдептілік, жауапкершілік, сабырлылық және кәсіби мәдениет қағидаттарын сақтау қажеттігі айтылды.

Қаулы етілді:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау жұмыстары тұрақты түрде жалғастырылсын.
2. Қызметкерлердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. Әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жаңа оқу жылында да жүргізілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Педагог-психолог Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ұжымдағы психологиялық ахуал туралы баяндады.

Ұжым мүшелері арасында өзара көмек, түсіністік, сыйластық және қолдау көрсету маңызды екені айтылды. Келіспеушіліктердің алдын алу және туындаған мәселелерді өркениетті жолмен шешу қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Қызметкерлер арасында өзара сыйластық пен қолдау мәдениеті қалыптастырылсын.
3. Қажет болған жағдайда педагог-психолог тарапынан психологиялық кеңес беру ұйымдастырылсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Әдеп кеңесінің мүшелері келесі оқу жылына арналған ұсыныстарын ортаға салды.

Ұжымдағы әдеп мәдениетін одан әрі жетілдіру, педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін арттыру және балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуін қамтамасыз ету бағыттарын жалғастыру ұсынылды.

Қаулы етілді:

1. Келесі оқу жылында Әдеп кеңесінің жұмысы жалғастырылсын.

2. Педагогикалық әдеп бойынша профилактикалық және түсіндіру іс-шаралары жоспарға енгізілсін.

3. Баланың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау мәселесі тұрақты назарда болсын.

4. Ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби мәдениетті қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдеп кеңесінің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қорытындыланып, келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттар айқындалды. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балаға құрметпен қарау, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасау және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

Әдеп кеңесінің төрағасы: _____Г.Х.Амирова

Хатшысы: _____Н.А.Бураншиева